

2024-2025 оқу жылында «Астрахан ауылы №1 ЖОББМ» КММ кәсіптік бағдар бойынша жүргізілген жұмыстардың ақпараты.

23 қыркүйек күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» - орай, түрлі мамандық өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу қонақтарының әрқайсысы өз кәсібі туралы: өз мамандығын таңдауға қалай шешім қабылдағаны туралы, оның ерекшеліктері, артықшылықтары мен кешіліктері жайлы презентациялар көрсетіліп, ақпарат берді.



«Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді дана халқымыз. 1- қазан Халықаралық қарттар күніне орай, мектебімізде сынып сағаттары өтті және қанша жыл ұстаз болған, кәзіргі кезде зейнеткер ұстаздарымызды мектепке шақырып, 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт қойылып, кәсіптік бағдар бойынша сұрақтар қойылып, ақпараттар алынды.




Қараша айында 11 сынып оқушылары соның ішінде, ер балаларға кәсіптік бағдар беру мақсатында ҚР ҰҚК шекара академиясының қызметкері Талғат Махамбетовпен зум арқылы кездесу өтті.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік жасайды. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектебіміздің алдында тұрған міндеттерінің бірі.

Талғат Махамбетов өз сөзінде кездесуді өткізудің өзектілігі мен маңыздылығын атап өтіп, академияға тек білімде ғана емес, сонымен қатар ғылыми, шығармашылық, спорттық мүмкіндіктерді жүзеге асыра алатындығын тілге тиек етті. Мектеп түлектеріне университетке түсу талаптары, білім беру бағдарламаларымен таныстырып, түлектерді қызықтыратын көкейтесті сұрақтарға жауап берді.

Сондай-ақ, оқуға түсу үшін қажетті бейіндік пәндер, қызмет саласы және мамандардың болашақ жұмыс орындары туралы толық мәліметтер ұсынылды.

Кездесу соңында түлектер аталмыш талаптармен толық танысқандығын және алдағы уақытта білімін шыңдау мақсатында дұрыс бағдар таңдайтындығын сөз етті.



Қаңтар айының 9 күні Астрахан ауданының Агротехникалық колледжінен “Кәсіптік бағдар” бойынша мамандар келіп, 9 сыныптың оқушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ақпарат берді.



“Кәсіптік бағдар” бойынша Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен жас маман Маркова Д.А келіп, 11 сынып оқушыларымен сөлесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді және оқушылар оқуға түсу жөнінде өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, керекті ақпараттарын алды.



Мектебімізде, 9-11 сынып оқушыларымен **“Еңбегі адал жас өрен”** жобасы аясында **«Мамандық таңдау»** – Ақтөбе қаласынан, қазақтың қыраны, ұшқышы Кеңес одағының батыры Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтының екінші курс курсанты Абишов Нұржан Нұрланұлымен және Астрахан, Егіндікөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің бастығы Балтабаев Азамат Есенгельдинович пен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – оқушылардың Отанға, елге деген сүйіспеншіліктерін арттыра батырлыққа, ерлікке баулу, патриоттық тәрбие бере отырып, Абишев Нұржан, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр бекетінің тумасын, балаларға үлгі ету болды және оқушыларға өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін байқауға, белгілі бір мамандыққа қажет болатын дағдылар туралы білуге мүмкіндік беру. Сонымен қатар, мамандық таңдауда кателеспеу керектігі жөнінде көптеген ақпараттар айтып, кеңес берді.



КӘСІПТЕР НАВИГАТОРЫ 2025

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АДАЛ АЗАМАТ

озық ойлы ҰЛТ

«Тәуелсіздік және Отаншылдық»

«Бірлік және ынтымақ»

«Жасампаздық және жаңашылдық»

"Заң және тәртіп"

"Жасампаздық пен жасампаздық айы

“Жұмысшы мамандықтар” жобасы аясында аудандық “Кәсіби бағыт шеңберіндегі жұмысшы кәсіптерінің новигаторы” форумы атты сайыста, мектебіміздің “Quantum Z” командасы I орын алды.

Жетекшісі: Оспанов Д.К, Абишева С.Б, Айтмағанбетова М.Ж.



«Кәсіптік бағдар» бойынша Астана қаласынан «Мағжан Жұмабаев халықаралық жоғары» колледжі мен М.Тынышбаев атындағы АЛТ көлік» колледжінен мамандар келіп, 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, оқушыларды оқуға шақырды және колледждің тиімді жақтарын айтып ақпарат берді.



«Кәсіптік бағдар» бойынша Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы **«Жоғары педагогикалық колледж, Щучинск қаласы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны»** мамандар келіп, 9 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, оқуға шақырды және колледждің тиімді жақтарын айтып ақпарат берді.

